

**2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 желтоқсандағы N 1220 Қаулысы (үзінді)

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. М ы н а л а р д ы ң :

441-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      1 5                      ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N              1 2 2 0                      қ а у л ы с ы н а

441-ҚОСЫМША

**637 - Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2 0 0 7                      ж ы л ғ а                      а р н а л ғ а н

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 172551 мың теңге (бір жүз жетпіс екі миллион бес жүз елу бір мың теңге)

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің қызметін қамтамасыз ету туралы" 1996 жылғы 28 наурыздағы N 2920 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** Республиканың бүкіл аумағында Конституцияның жоғары тұруын және тікелей қолданылуын қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау; кәсіби мемлекеттік қызмет талаптарына сай, қазіргі экономикалық жағдайға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейін арттыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

N p/с	Бағдарлама коды	Кіші бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету			
2		001	Орталық органның аппараты	Конституциялық іс жүргізу нысаны болып отырған немесе болуы мүмкін нормативтік құқықтық актілерге, халықаралық шарттарға құқықтық сараптау жүргізу; Конституцияның нормаларына ресми түсіндірме беру; дау туған жағдайда Республика Президентінің, Парламент депутаттарының сайлауын өткізудің және республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені шешу; Парламент қабылдаған заңдардың Республика Конституциясына сәйкестігін Президент қол қойғанға дейін қарау; Республиканың халықаралық шарттарын бекіткенге дейін олардың Конституцияға сәйкестігін қарау; соттардың заңды немесе өзге бір нормативтік құқықтық актіні Конституцияға сәйкес емес деп тану туралы өтініштерін қарау; Парламентке елдегі конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауды жіберу; конституциялық құрылыс процесінде тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық ұйымдармен және шет елдердің конституциялық бақылау	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

				органдарымен одан әрі ынтымақтасу.		
3		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі мынадай бес тақырып бойынша қызметтер сатып алу: 1) Қазақстан Республикасындағы бюджеттік процесс және бюджет с а я с а т ы ; 2) мемлекеттік сатып алулар; 3) іс жүргізуді және құжаттануды ұйымдастыру; 4) Қазақстан Республикасындағы құқық шығармашылығы және заң шығару процесі; 5) басқарушылық шешімдер қабылдауға арналған ақпараттық б а з а құ р у . Мемлекеттік және ағылшын тілдерін оқып-үйрену.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі
4		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру	Қазақстан Республикасы конституциялық Кеңесінің қызметін материалдық-техникалық жабдықтау.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі
5		017	Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету	Есептеу техникасын сатып алу - а қ п а н . Лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуші - ақпан. Есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету - жыл б о й ы . Локальді міндеттерді сүйемелдеу - ж ы л б о й ы . Интернет желісіне қол жеткізу қызметі - жыл бойы. Шығындық материалдар сатып алу - сәуір-қыркүйек.	Жыл бойы	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер:** Тікелей нәтиже:

- 1) Республиканың бүкіл аумағында Конституцияның жоғары заңдық күшін, оның тікелей қолданылуын қолдау үшін және беделін нығайту үшін қажетті жағдай жасау;
- 2) 5 адамның кәсіби деңгейін арттыру, 37 адамға мемлекеттік тілді үйрету, 10 адамға ағылшын тілін үйрету.

Т ү п к і н ә т и ж е :

Негізгі Заңның нормаларын барлық мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдардың, ұйымдар мен азаматтардың бірізді түсініп, қолдануын қамтамасыз ету;

Қаржылық-экономикалық нәтиже:

- 1) Кеңестің бір мемлекеттік қызметшісінің біліктілігін арттыруға кететін орташа шығыс - 66,0 мың теңге;

2) Кеңестің бір мемлекеттік қызметшісіне мемлекеттік тілді үйретуге кететін орташа шығыс - 46,7 мың теңге;

3) Кеңестің бір мемлекеттік қызметшісіне ағылшын тілін үйретуге кететін орташа шығыс - 24,6 мың теңге.

У а қ т ы л ы ғ ы :

1) жоспарланған іс-шараларды белгіленген мерзімде орындау;

2) жасалынатын шарттарға сәйкес жыл бойы оқыту;

С а п а с ы :

1) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытынды шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілмеуі;

2) мемлекеттік тілді оқыту курстарынан өткен соң мемлекеттік тілде іс жүргізуге көшетін мемлекеттік қызметшілердің үлес салмағы - 30%;

3) ағылшын тілін оқыту курстарынан өткен соң ағылшын тіліндегі құжаттармен жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің үлес салмағы - 30%.